

**XҒТАР 10.15.41**

**Лавничак Артур**

заң ғылымдарының докторы, Вроцлав университетінің құқық, менеджмент және экономика факультетінің профессоры, Вроцлав, Польша  
e-mail: [artur.lawniczak@uwr.edu.pl](mailto:artur.lawniczak@uwr.edu.pl)

**Бажай Хуандаг**

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
e-mail: [huandagbazhay@gmail.com](mailto:huandagbazhay@gmail.com)

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ  
КЕҢЕСТІҢ ОРНЫ**

*Мақалада Қазақстан Республикасының конституциялық дамуында маңызды рөл атқарып келген Конституциялық Кеңестің даму тенденциялары тарихи-құқықтық тұрғыдан қарастырылады. Қазақстандық конституционализмді нығайтуда құқық үстемдігін қамтамасыз ету тетіктерінің Конституциялық Кеңес арқылы реттелуінің өзіндік үлгісін қалыптастырған Конституциялық бақылау институты ретінде жан-жақты сипаттама жасала атырып, құқықтық база беріледі.*

**Түйін сөздер:** құқық, сот, бақылау, конституция, міндет, саясат, экономика, реформа, қоғам.

*В статье рассматриваются историко-правовые тенденции развития Конституционного Совета, сыгравшего важную роль в конституционном развитии Республики Казахстан. Правовая оценка проводится с подробным описанием института конституционного контроля, который сформировал собственную модель регулирования верховенства права через Конституционный Совет в деле укрепления конституционализма Казахстана.*

**Ключевые слова:** право, суд, контроль, конституция, обязанность, политика, экономика, реформа, общество.

*The article deals with historical and legal trends in the development of the constitutional Council, which play an important role in the constitutional development of the Republic of Kazakhstan. As an institution of constitutional control that has formed its own model of regulation through the constitutional Council of mechanisms for ensuring the rule of law in strengthening Kazakhstan's constitutionalism, a comprehensive assessment and legal assessment is presented.*

**Keywords:** law, court, control, Constitution, duty, politics, economy, reform, society.

2020 жылы 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда Қазақстан халқы қабылдаған қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл толып отыр.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет қалыптастыру кезеңінде мемлекеттік органдар жүйесіне елеулі өзгерістер алып келген тағы бір маңызды институт ол – Конституциялық бақылау институтының құрылуы болды. Тарихи шегініс жасайтын болсақ, Қазақстан Республикасында алғаш рет «Республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты конституциялық бақылау органы ретінде танылды. «Конституцияны сот арқылы қорғайтын жоғары орган Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты болып табылады» (10-бабы). Конституциялық бақылау органының институционалдық тұрғыдан дамуы 1992 жылғы 5 маусымдағы «Конституциялық Сот туралы» Заңы мен «Қазақстан Республикасындағы конституциялық сот ісін жүргізу туралы» 1992 жылғы 5 маусымдағы заңдарының

қабылдануымен тікелей байланысты болатын. Бұл аталған заңдарға және 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес конституциялық бақылау Конституциялық Кеңестің Қазақстан Республикасының Конституциясына және өзге де нормативтік актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және міндеттемелеріне сәйкестігі туралы талап арыздарды қарау арқылы жүзеге асырылды», дейді [1, 100-101].

Конституциялық Сот Конституцияны қорғау жөніндегі сот билігінің жоғарғы органы ретінде құрылды. Конституциялық Соттың басты міндеттері конституциялық заңдылықтар мен Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етудің кепілі еді. Бұл мақсат дауларды Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және басқа да мемлекеттік органдардың актілеріне, сондай-ақ Республиканың заңнамаларын қолдану тәжірибесіне сәйкес жолдармен шешу арқылы жүзеге асырылды. Конституциялық Сот сот жүйесінің жоғарғы сатысы ретінде сот билігі жүйесінде болды, және сот билігі жүйесі аясында басымды жағдайға ие болды. Яғни,

оған кең құқықтар берілді. Олар: Қазақстан Республикасының заңдарын; Жоғарғы Кеңестің актілерін; Президенттің үкімдері мен басқа да актілерін; Министрлер Кабинетінің қаулыларын; орталық атқарушы органдардың нормативтік актілерін; Жоғары Соттың Пленумының нормативтік қаулыларын; Бас прокурордың нормативтік актілерін; азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты құқық қолдану туралы шешімдерді Конституция нормаларына сәйкестігі бойынша тексеруге және ол турасында шешім қабылдауға құқылы болды. Республикада конституциялық бақылаудың қалыптасуы құқықтық мемлекет құру жөніндегі конституциялық қағидалармен тығыз байланысты болып келеді.

Конституцияның басқа нормативтік актілерден үстемдігі құқықтық мемлекеттің басты белгісі ретінде заңның үстемдігімен айқындалады. Жалпы конституциялық бақылау Конституцияның және конституциялық заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіріледі. Бұл кезде жоғарыдағы мәселелер бойынша дау туатын жағдайда, конституциялық сотқа шағымданатын субъектілер ретінде мыналар танылды: Жоғарғы Кеңес, Жоғарғы Кеңестің Президиумы, Жоғарғы Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Кеңестің комитеттері, Президент, Премьер-Министр, соттар, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық кеңестері және олардың атқарушы комитеттері және Республиканың Ғылым академиясы. Осыған байланысты З.Ж. Кенжалиев: «Конституциялық Соттың құқықтары мен оған шағымданушы субъектілердің саны максималды түрде кең әрі мол болды. Барлық мемлекеттік органдар актілері санының, бір жағынан, ал екінші жағынан Конституциялық Сотқа шағымданушы субъектілердің шамадан тыс көптігі Конституциялық Соттың оларды қарастыру мен шешім қабылдау мүмкіндігіне сай келмеді. Демек, Конституциялық Соттың құзыретін анықтағанда өз салалары бойынша құқықтық актілердің конституциялығын қамтамасыз етуге міндетті өзге де мемлекеттік органдардың мүмкіндіктері ескерілмеді. Осылайша көрсетілген органдарға негізсіз сенімсіздікке жол беріліп, олардың мүмкіндіктері ескерілмеді, сонымен бірге Конституциялық Сотты асыра бағалауға жол берілді. Мемлекет үшін оның тұрақтылығын қамтамасыз етуде қауіпті жағдай туды, өйткені халықтың өзі құрған мемлекет пен оның

жоғарғы органдарының тағдыры халық сайлауынсыз құрылған Конституциялық Сотқа тәуелді болды. Конституциялық Сот сот жүйесінің жоғары сатысы ретінде құрылды, яғни сот билігі жүйесінде болды және осы билік жүйесі аясында үстем басымды жағдайға ие болды. Конституциялық Соттың басты міндеті – заңдардың Конституция нормаларына сәйкестігін тексеру жоғары билікті ғалымдардың еркін ғылыми ой-түйіндеріне негізделіп жүзеге асуы керек еді, бірақ ол Конституциялық Соттың ерекше іс жүргізу ережелері туралы заңға сәйкес жұмыс істеді. Осы және басқа да себептердің барлығы Конституциялық Сотты Конституциялық Кеңеспен ауыстыруға әкеліп соқтырды», - деп пікір білдіреді [2, 29]. Осылайша, Конституциялық Сот «Конституциялық Кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар Жарлығы негізінде өз қызметін тоқтатуына тура келді [3].

Кейін, «Конституциялық Кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар Жарлығы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 қарашадағы №604 Конституциялық заңы (1-баптың 3-бөлігі) негізінде «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы деп нысаны мен тақырыбын өзгертті [4].

Міне, осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілген 2005 жылдың 1 қаңтардан бастап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің құқықтық мәртебесі, құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін Қазақстан Республикасы Конституциясымен және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сай реттеледі [5].

Конституциялық Кеңес өз қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібінің Конституциямен және осы Конституциялық заңмен реттелмеген мәселелері бойынша Конституциялық Кеңестің регламентін қабылдайды [6].

Бұдан кейін де «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына бірнеше өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Мәселен, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 17 маусымдағы №41-IV Конституциялық заңы; Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына конституциялық мерзімдерді есептеу мерзімдері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 қазандағы №133-V Конституциялық заңы; Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №232-V Конституциялық заңы; Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 15 маусымдағы №75-VI Конституциялық заңы; Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №119-VI Конституциялық заңдарында енгізілген толықтырулар Конституциялық Кеңестің қызметін құқықтық реттеу мәселесінде заманауи озық тәжірибе жинақтағандығын көрсетеді.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы Конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» 2018 жылғы 5 маусымдағы жолдауына назар аударсақ: «Бүгінгі таңда цифрлық дамудың жоғары қарқыны, мемлекетті басқару жүйесін жаңғырту, жаһандану, экономикалық, саясатта, идеологияда, әлеуметтік салада трансформацияға әкеп соғатын қазіргі заманғы сын қатерлер және басқа да факторлар құқық үстемдігін орнықтыруға мемлекеттік органдармен қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін барынша шоғырландыруын талап етеді. Конституциялық Кеңестің пайымдауынша, Негізгі Заңның жетекшілігімен конституционализмді нығайту құқық үстемдігін қамтамасыз еткен жағдайда

ғана толыққанды іске асырылатын болады. Ол адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін; заңдылық режимінің қамтамасыз етілуін; құқықтық айқындылықты; әділдікті, тепе-теңдікті және заң алдында жұрттың бәрінің теңдігін; кемсітушілікті, кімнің болсын өкілеттігін теріс пайдалануын болдырмау арқылы мемлекеттік биліктің біртұтастығын және бөлінетіндігін бекітуді; сондай ақ сот төрелігіне барынша қол жеткізуді қамтиды.

Қазақстанның әлемдік аренадағы жетістіктері еліміздің халықаралық беделінің және Республика Конституциясында бекітілген бейбітшіл сыртқы саясатының көрінісі. Конституциялық новеллаларды өмірге енгізу үдерісі үш бағытта тоғыстырылады. Бұл заңдарды және басқа да құқықтық актілерді қабылдау, яғни жаңартылған Конституцияға қолданыстағы заңнамаларды сәйкестендіру; жаңа құқық қолдану практикасын қалыптастыру; қоғамдық сананы, соның ішінде азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениетін жаңғырту. Осылайша, Конституциялық реформа тек Негізгі Заңның мәтінімен ғана шектелмей, бүгінде ол заңнамадағы, оның заңға тәуелді реттеу деңгейін қоса, елеулі өзгерістермен қуатталып отыр.

Құқық шығармашылық практикасында Конституцияда бекітілген маңызды қағидаттар мен мақсаттарға қол жеткізу тұрғысынан салалық нормалардың тиімділігін бағалау туралы ұстаным жыл сайын күшейтіліп келеді. Елімізде Конституциялық заңдылық режимін нығайтуға қызмет ететін Конституциялық Кеңестің халықаралық байланыстары көпвекторлы сыртқы саясат шеңберінде дамып келеді. Қазақстанның Конституциялық Кеңесінің Төрағасы 112 елдің конституциялық әділет органдары мүше Конституциялық сот төрелігі бойынша дүниежүзілік конференция Бюросының құрамына кірді. Сондай-ақ, 2018 жылы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Жаңа демократиялық елдері конституциялық бақылау органдары конференциясының төрағасы болып сайланды. Конституциялық Кеңес 2019-2021 жылдары Азия елдерінің конституциялық соттары мен баламалы институттары қауымдастығына төрағалық ететін болады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Конституциялық Кеңестің басты тағайыны – Қазақстанда

Негізгі Заңның жоғары тұруы принципін орнықтыру. Осы уақытқа дейін Қазақстанды Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерін орындауға бағытталған бірқатар заңнамалық және өзге де актілер қабылданды», дейді [7].

Жалпы статистикалық мәліметтерге назар аударсақ, өзі қызмет істеп келе жатқан кезең ішінде Конституциялық Кеңес 140-тан астам нормативтік қаулы қабылдады, олардың – 6 өз қаулыларын қосымша түсіндіру туралы. Негізгі Заңға конституциялық новеллалар енгізуге байланысты (1998, 2007 және 2017) Конституциялық Кеңес өзінің кейбір актілерін қайта қарау туралы шешімдер қабылдады (2004, 2007, 2008, 2011, 2017 жылдар). 1996 жылғы қаңтар айынан бастап қазіргі таңға дейін Конституциялық Кеңеске 190-нан астам өтініш, соның ішінде, Мемлекет басшысынан – 23, Парламент Палаталарының төрағалары мен оның депутаттарынан – 77, Премьер-Министрден – 27, соттардан – 68 өтініш келіп түсті. Шамамен 30 заң және халықаралық шарт толықтай немесе ішінара конституциялық емес деп танылды. Конституциялық бақылау практикасын қорыту нәтижесі бойынша Парламентке елдегі Конституциялық заңдылықтың жай күйі туралы жыл сайын 22 жолдау жіберілген. Онда адамның құқықтарын қорғау, заң шығармашылық қызметті жетілдіру, заңнамаларды Конституцияға сәйкес келтіру туралы, сот құрылымы және сот ісін жүргізу, жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалар және конституциялық реттеудің басқа да аясы туралы мәселелер көтерілді [8].

Бұдан бұрынғы «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдаудан кейін Қазақстанның мемлекеттілігі мен конституциялық бірегейлігі үшін тарихи оқиғалар орын алғаны баршамызға мәлім. Нақтырақ айтар болсақ, Қазақстанда жоғары биліктің ауысуы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2019 жылы 19 наурызда өз еркімен отставкаға шығуын жариялап, мемлекет басшысы ретіндегі өкілеттілігін тоқтатты. Конституцияның 48-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігі ел Парламенті Сенатының Төрағасына өтті. Қ.Тоқаев 2019 жылғы 20 наурызда халыққа ант беріп, Қазақстан Президенті қызметіне кірісті. 2019 жылғы 20 наурызда Үкіметтің бастамасы бойынша Конституциялық Кеңестің оң

қорытындысымен Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Республика Конституциясының 2-бабына өзгерістер енгізілді. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан болып ауысты. Республика Президентінің 2019 жылғы 9-сәуірдегі Жарлығы негізінде 9-маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтті. Биліктің екінші тұлғаға тыныш әрі дау-дамайсыз көшу жағдайы Қазақстанның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етудің және әлем алдында халықаралық беделін нығайтудың маңызды факторы болып табылады. Бұл әрине, мемлекеттің барлық органдарының, азаматтық қоғам институттарының және азаматтардың ең басты міндеті билік тармақтарының қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, Қазақстан Республикасының басқа да түбегейлі принциптері мен құндылықтарын, ел Конституциясының ережелері мен нормаларын жоғары құрметтеу жағдайында жұмыс жасауын қамтамасыз етудегі Конституциялық Кеңестің орнын ерекше айқындап бергендігі деп түсінеміз.

Олай дейтініміз осы уақыт ішінде Конституциялық Кеңес Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме берді, сондай-ақ Конституцияның үстемдігі мен тікелей қолданылуын қамтамасыз ету жөнінде өзге де қызметтер атқарды. Мәселен, Конституциялық Кеңес 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысында Республика Конституциясы 41-бабының 2-тармағын ресми түсіндірді. Бұл нормадағы «Қазақстан Республикасының Президенті болып ..., ... Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын... Республика азаматы сайлана алады.» деген сөздерді Республика Президенттігіне кандидат ретінде Қазақстан Республикасының аумағында соңғы он бес жыл бойы тұрақты тұратын азамат тіркелуі мүмкін деп түсіну керек. Белгіленген он бес жылдық мерзімге Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі персоналының және оларға теңестірілген Қазақстан мүше болып табылатын халықаралық ұйымдар жанындағы лауазымдарға тағайындалған (сайланған) азаматтардың Республикадан тыс жерлерде тұру кезеңдері де қосылуы мүмкін екенін айқындап берді.

2019 жылғы 20 наурызда Конституциялық кеңес алғаш рет «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» қорытындысын қабылдады. Бұл өкілеттілік Конституциялық Кеңеске «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңымен берілді. Қазақстан Республикасының Президентінің өтініші бойынша (Конституцияның 44-бабының 10-1 тармақшасы) Үкімет бастамашылық жасаған заң жобасы (91-1-91-бабының 3-тармағы).

2019 жылғы 15 ақпандағы №1 нормативтік қаулысында Конституциялық Кеңес Республика Конституциясының 42-бабының 3-тармағында белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайтынын түсіндірді. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық мәртебесінен оның өз еркі бойынша өкілеттігін тоқтату құқығы туындайды, ол Мемлекет басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға дербес негіз болып табылатындығын түсіндіріп берді.

Сол сияқты, Конституциялық Кеңестің 2018 жылғы 28 маусымдағы №4 нормативтік қаулысымен «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар Конституцияға сәйкес екендігін де көрсетіп берді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қ.Ә.Мәмин Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2019 жылғы 20 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» Жолдауында айтылған ұсынымдарды іске асыру Ата Заңның негізінде конституционализмді нығайтуға және елде құқық үстемдігі принциптерін барынша күшейтуге ықпал ететіндігін атап өткен болатын [9].

Қазақстан Республикасының конституциялық дамуында Конституциялық Кеңестің маңызы ерекше, олай дейтініміз Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етудегі тәуелсіз институт ретінде Қазақстандық үлгісі әлем елдерінің назарын өзіне аударта алғандығымен ерекшеленді деуге болады. Мәселен, Конституцияның 72-бабының 1-бөлігінің 2-тармағына сәйкес,

«Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды», - деген норма бар. Бұдан аңғаратынымыз, Қазақстанда Конституциялық Кеңес алдын ала конституциялық бақылау арқылы норма шығармашылық функциясын жүзеге асыруға қатысатындығында. Бұл конституциялық заңдылықты бұзулардың алдын алуға зор мүмкіндіктерді жасайды, яғни заңнаманың тұрақтылығына күні бұрын жағдай жасайды деген сөз. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңеспен норма шығармашылығы функциясын жүзеге асыруы кейінгі конституциялық бақылауға тән көптеген заңға сәйкес емес актілердің күшін жою проблемасын азайтады, бұл өз кезегінде заңшығару билігінің беделін көтере түсері сөзсіз. Екінші жағынан, қабылданған заңды оған Президент қол қойғанға дейін Конституцияға сәйкестендіруге ықпал жасайды. Нақты қол қоюға берілген заңда заң шығарушы биліктің еркі білдірілген, бірақ та оны Конституциялық Кеңестің шешіміне бағынуға міндеттейді. Осыған байланысты, Конституциялық Кеңес қабылданған заңның мазмұнын өзгертуге қатысты өз ұстанымын тұжырымдай алатындығын ашық көрсетеді.

Қазақстан Республикасында Конституциялық Кеңестің құрамы тұрғысынан да басқа конституциялық бақылау институттардан ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 71-бабының 1, 2, және 3 тармақтарына назар аударсақ, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден, соның ішінде Конституциялық Кеңестің Төрағасынан тұрады. Бұған қоса Республиканың экс-Президенті құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылатындығында. Осы құрамға сәйкес, Конституциялық Кеңестің екі мүшесін – Сенат, екі мүшесін – Мәжіліс, екі мүшесін – Президент тағайындайды. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республика Президенті тағайындайды және дауыс тең бөлінген жағдайда оның дауысы шешуші болып табылады, делінген. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Конституциясының 71-бабының 1 бөлігіне және Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2733 Конституциялық Заңында Республиканың

бұрынғы Президентінің мәртебесі айқындалған 34-бабының 2-бөлігіне сәйкес, Республиканың экс-Президенті құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшесі болып табылады делінген.

Бұл жерде, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының даулы мәселеге қатысты конституциялық іс жүргізуде дауыс беру мәселесіне қатысты кейбір нормаларын қайта қарастырып, нақтылауды қажет ететіндігі. Олай дейтініміз, бүгінгі таңда Конституциялық кеңестің құрамы өзгергендігі, яғни жетеу емес, экс-Президенттің құқығы негізінде Конституциялық Кеңес мүшелер саны (сегіз) жұп санға өзгеруі. Екіншіден, Конституциялық Кеңес өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербестік қағидаты, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіздік қағидаты, саяси және өзге де себептерді негізге алмау қағидаты тұрғысынан Конституциялық іс жүргізуде объективті шешім қабылдау мәселесінде әлі де жетілдіруді қажет ететін, нақтылайтын тұстары бар екендігін байқатады.

Қорытындылай келгенде, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі шешімдерінің нормативті сипатының бірыңғай норма шығармашылығы жүйесін қамтамасыз етудегі рөлін талдау нәтижесінде мынандай тұжырым жасауға негіз болып табылады. Ол ең әуелі, конституциялық бақылау органдарының бірыңғай норма шығармашылығы жүйесін қамтамасыз етуге нақты қатысуы заңшығарушы билігі органына және ел басшысына жолдауларды жолдау, яғни нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін міндетті алдын ала тексеру арқылы жүзеге асырылады. Екінші

жағынан, зерттелетін органдардың атқарушы билікпен өз ара іс-қимылы тексерілетін нормативті құқықтық актіге оларда конституциялық бақылау органының құқықтық ұстанымдары ескерілетін өзгерістерді енгізуге мүмкіндік береді. Үшінші жағынан, конституциялық бақылау органы актілерінің нормативтілігі конституциялық заңнамаларды жетілдіру үшін жағдай жасауға мүмкіндіктер жасайды деуге болады. Қоғам халық үшін сенімді құқықтық ортаны және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін қатаң қорғауды қамтамасыз ету үшін сол бағыттағы біртұтас қызметтерді цифрландыруды талап етеді. Нормативтік құқықтық актілердің электронды балама жүйесін қалыптастыру заң шығарушылықтың сапалы үдерісін, қоғамға және айрықша бизнес қоғамдастыққа норма шығармашылық процеске тікелей қатысу мүмкіндігіне ие болатынын тиісінше ашық және көпшілікке қолжетімді тетіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндіктер жасайды. Цифрлы үкіметті дамыта отырып көрсетілген шаралар қабылданатын заңнамалық бастамалардың ашықтығы есебінен билікке деген сенімді арттыруға сондай ақ құқықтық қолайлы ортаны қалыптастыруға ықпалы ерекше болып келеді. Жалпы, мемлекетті дамытудың цифрлық кеңістігінде заңның үстемдігін басшылыққа алып, құқықтық мемлекет құра отырып Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуге Конституциялық Кеңестің де заман талабына сай үнемі жетілдіріліп отыруы Қазақстан Республикасының конституциялық дамуы үшін маңызды болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқу құралы. /Ред. Басқарған С.К. Амандықова. – Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ типографиясы, 2018. – 191 б.
2. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы /Ред. Басқарған З.Ж. Кенжалиев. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 120 бет.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 173-құжат) [Электронды ресурс] // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі -URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002737 #z0>
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің ара жігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 қарашадағы N 604 Конституциялық Заңы [Электронды ресурс] // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі -URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000604>
5. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық заңы. [Электронды ресурс] // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі -URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002737 #z0>
6. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Регламенті Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі № 1 қаулысымен бекітілген [Электронды ресурс] // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі -URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S02000001A>

7. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» 2018 жылғы 5 маусымдағы жолдауы [Электронды ресурс] -URL: <http://ksrk.gov.kz/index.php/kk/solutions/kazakhstan-respublikasy-konstituciya-lyk-kenesinin-kazakhstan-respublikasyndagy>
8. Талдау және статистика [Электронды ресурс] -URL: <http://ksrk.gov.kz/kk/page/taldau-zhne-statistika>
9. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» 2019 жылғы 20 маусымдағы Жолдауы [Электронды ресурс] -URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1900000117>

**Лавничак Артур**

**Лауазымы:** Вроцлав университетінің құқық, менеджмент және экономика факультетінің профессоры (Польша)

**Почталық мекен-жайы:** Польша, Вроцлав қ., 1 Университ алаңы, 50-137, artur.lawniczak@uwr.edu.pl

**Ұялы тел.:** +48 731 665 544

**Бажай Хуандаг**

**Лауазымы:** мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының PhD докторанты

**Почталық мекен-жайы:** 010008, Қазақстан Республикасы, Нур-Сұлтан қаласы, Сәтпаев көшесі, 2

**Ұялы тел.:** 87474940420

**Қазақстанның конституциялық дамуындағы Конституциялық Кеңестің орны**

**Лавничак Артур**

**Должность:** профессор факультета права, менеджмента и экономики Вроцлавского университета (Польша)

**Почтовый адрес:** Польша, г. Вроцлав, Университетская площадь 1, 50-137, artur.lawniczak@uwr.edu.pl

**Мобильный тел.:** +48 731 665 544

**Бажай Хуандаг**

**Должность:** докторант PhD кафедры теории и истории государства и права, конституционного права

**Почтовый адрес:** 010008, Республика Казахстан, г. Нур-Сұлтан, ул. Сәтпаева, 2

**Мобильный тел.:** 87474940420

**Роль Конституционного совета в конституционном развитии Казахстана**

**Lawniczak Arthur**

**Position:** Professor, faculty of law, management and Economics, University of Wroclaw (Poland)

**Postal address:** Poland, Wroclaw, 1 universal square, 50-137, artur.lawniczak@uwr.edu.pl

**Mobile phone :** +48 731 665 544

**Bazhay Khuandag**

**Position:** PhD student of the Department of theory and history of state and law, constitutional law

**Mailing address:** 010008, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Satpayev Str., 2

**Mobile phone:** 87474940420

**The role of the constitutional Council in the constitutional development of Kazakhstan**